# Перевод и значение слова "долг":

борыш

Бұл сөз қазақ ұғымында кең мағынада қолданылады. Қазақ тілінің нормативті сөздіктерінде «қарыз, берешек, бересі» түрінде түсіндіріледі. Қазақ жазба нұсқаларында тура немесе ауыспалы мағынада борыш және қарыз сөздері кейде тепе-тең мағынада (борышқа бату / қарызға бату), көп ретте әр басқа мағынада (мы- салы, қарыз алу; бірақ борыш алу емес; отан алдындағы борыш; бірақ отан алдындағы қарыз емес) жұмсалады. Экономика ғылы- мындағы еңбектерде осы екі сөздің термин ретіндегі мағына- ларының сұрыпталуы әлі де болса қалыптану үстінде. Кейбір зерттеулерде борыш және қарыз сөздері «долг» мағынасында берілсе, олардыдаралап,«борыш—долг»,«қарыз—заём» түрінде ұсыну да бар. Бұларды көрсетіп отырған себебіміз — ауыл кә- сіпкерлерінің қандай да бір құжат толтыру кезінде терминдердің мағынасын түсінуі маңызды. Әлі де бірізділену сатысындағы тер- миндердің мағыналық айырмашылығын төмендегі тіркестерден көруге болады

аға борыш / басым құқықты борыш — старший долг ағымдағы борыш — текущий долг ақшалай қарыз — денежный долг артықшылықты борыш — преимущественный долг бағынышты борыш — подчинённый долг бірінші кезектегі борыш — первоочередной долг даулы борыш — спорный долг дәрежеленген борыш; реттелген борыш — субординированный долг ипотекалық борыш — ипотечный долг корпоративтік сектордың борышы — долг корпоративного сектора күмәнді борыш — сомнительный долг қамтамасыз етілген борыш — обеспеченный долг қорланған борыш — накопленный долг мемлекеттік борыш — государственный долг мерзімсіз борыш — бессрочный долг мерзімі кешіктірілген / мерзімі өтіп кеткен борыш — просроченный долг оқшауландырылған борыш — замороженный долг өздігінен өтелетін борыш — самопогашающийся долг өтелмеген борыш — непогашенный долг пұрсаттылықты борыш — преференциальный долг сыртқы борыш — внешний долг тұрақталған борыш — фундированный долг ұзақ мерзімді борыш — долгосрочный долг ұлттық борыш — национальный долг халықаралық борыш — международный долг халықтың жан басына шаққандағы борыш — долг в расчёте на душу населения шоғырландырылған борыш — консолидированный долг шоғырландырылмаған борыш — неконсолидированный долг ішкі борыш — внутренний долг

*Переведено с помощью "Кәсіпкер сөздігі"*